

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі  
комитеті үшін қалалық, қалааралық, халықаралық байланыс  
қызметтерін бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алудың  
қорытындылары туралы  
ХАТТАМА**

<b>Орналасқан орны:</b> ММ «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті» Астана қ., Министрліктер үйі, Орынбор к. 8 үй, №1 кіреберіс	<b>Уақыты және датасы:</b> 10 сағат 00 минут «20» қаңтар 2011 жыл
--	---

**1. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы** – «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің» қызметін қамтамасыз ету бойынша басқармасы: 010000, Астана қаласы, Министрліктер үйі, Орынбор к. 8 үй, №1 кіреберіс Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитеті үшін қалалық, қалааралық, халықаралық байланыс қызметтерін бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізді.

**2. Сатып алуға бөлінген сомма** – 4 912 027,20 (төрт миллион тоғыз жүз он екі мың жиырма жеті) теңге 20 тиын.

**3. Осы тәсілді қолдануға негіздеме** - 2007 жылғы 21 шілдедегі №303 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабы 1) тармақшасы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы № 1301 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесінің 142 тармағына сәйкес.

**4. Жеткізушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуі** – жеткізуші «Инженерлік-техникалық орталық» АҚ Заңның 8-бабы 1-тармағымен белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

**5. Келісім-шарттың бағасы және келісім-шарт жасалатын жеткізушінің атауы мен орналасқан орны** - «Инженерлік-техникалық орталық» АҚ, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 6-үй. Келісім-шарттың бағасы – 4 912 027,20 (төрт миллион тоғыз жүз он екі мың жиырма жеті) теңге 20 тиынды құрайды.

**6. Сарапшыларды тарту, олардың ұсынған қорытындылары туралы ақпарат** – сарапшылар тартылған жоқ.

**7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің қызметін қамтамасыз ету бойынша басқарма бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары бойынша ШЕШТІ:**

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитеті үшін қалалық, қалааралық, халықаралық байланыс қызметтерін бір көзден алу тәсілімен «Инженерлік-техникалық орталық» АҚ, 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 6-үй жеткізушіден сатып алуды;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің қызметін қамтамасыз ету бойынша басқармасына 2011 жылдың

21 қаңтарына дейін «Инженерлік-техникалық орталық» АҚ мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шартты жасауды.

3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің қызметін қамтамасыз ету бойынша басқармасына конкурстың қорытындысы туралы осы хаттаманың мәтінін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің веб-порталында - [www.kfm.gov.kz](http://www.kfm.gov.kz), сонымен қатар мемлекеттік сатып алудың веб порталында - [www.goszakup.gov.kz](http://www.goszakup.gov.kz) орналастыруды.

**Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Қаржы мониторингі  
комитетінің төрағасы** \_\_\_\_\_

**Өтебаев М.С.**